

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»



ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*«Рухани жаңғыру» бағдарламасы
аясында «100 жаңа оқулық» атты
виртуалды көрмесін ұсынады.*

Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе

Стив Барлетт, Диана Бертон



Ұсынылып отырған еңбекте студенттерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында терең зерттеуді қажет ететін бірқатар жеке оқыту салалары жөнінде кеңінен баяндалған. Авторлар білім берудің түрлі аспектілері мен оған қатысы бар әлеуметтік және саяси құрылымдарды, ұлттық оқу бағдарламаларының жасақталуына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерді, экономикалық қысымдар мен саяси факторларды талдай отырып, білім беруді қаржыландыру, оның құрылымының кеңеюі мен өзгеруі жөніндегі мәселелерді де тілге тиек етеді.

Тарихи білім тарихы

Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю.



Кітапта архаикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі тарихи сананың қалыптасуы мен тарихи ойдың эволюциясы, тарихи білімнің кәсібилену процесі, оның ғылым пәні ретінде орнығуы кешенді түрде қарастырылып, тарихнама бойынша негізгі мектептер мен бағыттардың сипаттамасы беріледі әрі тарихты зерттеудің мәселелері, әдіснамасы, пәні мен міндеттерін түсінудегі өзгерістер жан-жақты зерделенеді. Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

Тарихи антропология


Михаил Маркович Кром



Оқу құралы оқырмандарды заманауи тарихи зерттеулердегі аса ықпалды бағыттардың бірімен таныстырады. Мұнда антропологиялық бағыттағы тарихтың бастапқы (менталдылық тарихы) түрлерінен бастап, кейінгі түрлеріне (микротарихтар, күнделікті өмір тарихы, жаңа мәдени тарих) дейін қамтылған. Тарихи-антропологиялық бағыттағы жұмыстардың жалпы сипатымен қатар, жекелеген ұлттық мектептердің (Франция, Италия, Германия, АҚШ, Ұлыбритания) өзіндік ерекшеліктеріне мән беріледі. Тарихшылар мен антропологтардың пәнаралық пікір алмасу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады.

Тарихи этнология

Светлана Владимировна Лурье



Бұл оқулықта психологиялық антропология, этнопсихология, мәдениеттану, этнос экологиясы, дәстүртану тарихы баяндалады. Әлемнің этностық картинасы, оның құрылымы мен өзгеру механизмдері және функционалдық этносішілік конфликт, этностың өзін-өзі құрылымдауы теориялары орыс, армян, ағылшын, фин, түрік халықтарының тұрмысынан алынған тарихи очерктермен жан-жақты дәйектеліп беріледі.

Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық.

Зина О'Лири



Студенттерге қосымша көмек ретінде: зерттеу жобасына дайындалу; зерттеудің этикалық нормаларды сақтауы; әдістерді таңдау және тәжірибеден өткізу; деректер жинау және талдау, т.б. зерттеу жүргізуде қажет болатын қадамдар туралы толық айтылады. Зерттеу саласында қамтуға болатын бақылау тізімі, зерттеу процесін жан-жақты ашатын авторлық видеороликтер, негізгі концепцияларды бекіте түсетін қосымша әдебиеттер, тақырыпқа қатысты бағдарламалық құрал мен онлайн құралдарды көрсететін веб сілтемелер, басқа да көптеген үлгілер, мысалдар жұмыстың әр қадамын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу

Джозеф Ф.Хили



Оқулық төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлім бірнеше тарауға бөлінген. Атап айтқанда, дескриптив статистика, орталық тенденция өлшемдері, дисперсия өлшемдері, қалыпты қисық, инференциал статистика, гипотезаны сынау түрлері, ассоциацияның бивариатив өлшемдері, мультивариатив техникалар тәрізді статистиканың ауқымды бөлімдері теориялық тұрғыда жан-жақты зерделенеді. Сонымен қатар оқулықта статистика негіздері, оның әлеуметтік ғылымдарда алатын орны мен мүмкіндіктері туралы толық мағлұмат беріледі.

Әлем музыкасының тарихы, 1 –том

Филип Больман



Әлем музыкасы заманауи медианың дүниежүзіне жаһандануды тарататын өнімі емес, адамзат тарихындағы мәдениеттер мен тілдерді, діндер мен өркениеттерді байланыстыратын үлкен мұра екені мәлім. Тарихқа көз салар болсақ, әлем музыкасы халықтардың түрлі салт-жоралғылары мен діндерінен, сан қилы тағдыры мен тұрмыстық ерекшелігінен тамыр тартады. Осы кітапта жинақталған мақалалар оқырманға Еуропа, Қытай, Үндістан, мұсылман елдері, Оңтүстік және Солтүстік Америка музыкасындағы байланыстар мен назар аударуға тұрарлық елеулі сәттерді ұсынады.

Әлем музыкасының тарихы, 2-том


Филип Больман



Авторлардың жинақта ұсынылған мақалаларында мәдени қақтығыстар мен кикілжіңдер, ежелгі өркениеттерден бастап, ғылымның өзегі болған орта ғасырлардағы мұсылман ғалымдардың теориялары, Қайта өрлеу кезеңінен постмодернге дейінгі Еуропа музыкасы жан-жақты қарастырылған. Жалпы, жинақ бүгінде танымал және классикалық музыка ретінде танылған түрлі халықтардың музыка тарихын егжей-тегжейлі баяндайды. Кітап музыкатанушылар мен өнертанушыларға ғана емес, музыка тарихына қызығатын барша оқырманға арналған.

Азаматтық іс жүргізу: Сот өндірісі. I том: 1–кітап

Нил Эндрюс



Автор әрбір тарауды жан-жақты зерттей келе, азаматтық процестегі пікірталастарды баяндайды, Англияның құқық жүйесіндегі реформаларға және дауды реттеудің балама жолдарына тоқталады. Дауды шешу және реттеу үшін бизнесмендер ағылшын сотына жүгінетін қазіргі таңда кітаптың берер мағлұматы мол. Әсіресе еліміздегі сот саласындағы реформаларды ескерсек, қай нормаларды дамыту керек, олардың қайсысы ағылшын практикасында сәтсіздікке ұшырады, сот жүйесінде қандай норма басшылыққа алынуы керек деген сұрақтарға жауапты осы кітаптан таба аласыз.

Азаматтық іс жүргізу: Сот өндірісі. I том: 2–кітап

Нил Эндрюс



Дауды шешу және реттеу үшін бизнесмендер ағылшын сотына жүгінетін қазіргі таңда кітаптың берер мағлұматы мол. Әсіресе еліміздегі сот саласындағы реформаларды ескерсек, қай нормаларды дамыту керек, олардың қайсысы ағылшын практикасында сәтсіздікке ұшырады, сот жүйесінде қандай норма басшылыққа алынуы керек деген сұрақтарға жауапты осы кітаптан таба аласыз. Еңбек заң факультетінің студенттеріне, азаматтық іс жүргізу саласын зерттеуші мамандар мен оқытушыларға, заңгерлерге, осы салаға қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналған.

Азаматтық іс жүргізу: Медиация және арбитраж. II том


Нил Эндрюс



Нил Эндрюс екі томда да Англия мен Уэльстегі (екеуі де құқық саласында жетекші саналады) азаматтық іс жүргізуді егжей-тегжейлі қарастырған. Сондай-ақ дауларды реттеудің барлық негізгі түрлерімен таныстырады: бұл кітап – сот талқылауы, медиация мен арбитраж, сот әділдігі жан-жақты әрі практикалық тұрғыда қамтылған бірегей қайнар көз. Оқулықтағы ауқымды сыни және принципті түсіндірулер Англияның ғана емес, шетелдік азаматтық іс жүргізу құқығындағы әдіс-тәсілдерге сүйене отырып жасалған.

Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-том

Лионел Бентли, Брэд Шерман



Интеллектуалдық меншік құқығы — құқықтың осы саласын мейлінше толық қамтып, қыр-сырымен таныстыратын елеулі еңбек. Кітапта авторлық құқық, патент, тауар белгісі, дизайн және өнеркәсіп үлгісі, әділетсіз бәсекелестік пен құпия ақпарат мәселелерінің әрқайсысына бірнеше тарау арнап, тақырыпты жан-жақты талқылайды. Тек академиялық пікір айтып қоймай, ағылшын-саксон құқығы мен Еуропа одағына мүше көптеген елдерге тән роман-герман құқықтық жүйесіндегі интеллектуалдық меншік құқығын реттеудің басты принциптері мен құқықтық-нормативтік актілерін талдайды.

Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-том

Лионел Бентли, Брэд Шерман



Интеллектуалдық меншік құқығының қалыптасу кезеңдері технологиялық прогресспен және халықаралық сауданың дамуымен тығыз байланысты. Осы себепті, авторлар соңғы жылдардағы өзгерістерді қамту үшін еңбекті бірнеше дүркін жаңғыртқан. Айталық, осы қолыңызға ұстап отырған бесінші басылымында Ұлыбританияның Еуропалық Одақ құрамынан шығуы, (Brexit), Еуропалық тауар белгісі режимі, Еуропа сотындағы соңғы кейстердің, Транс-Тынық мұхиты сауда келісімі (TPP) түйткілдерінің Интеллектуалдық меншік құқығының алдағы дамуына әсерін талқылайды.

Интеллектуалдық меншік құқығы, 3-том

Лионел Бентли, Брэд Шерман



Интеллектуалдық меншік құқығының қалыптасу кезеңдері технологиялық прогресспен және халықаралық сауданың дамуымен тығыз байланысты. Осы себепті, авторлар соңғы жылдардағы өзгерістерді қамту үшін еңбекті бірнеше дүркін жаңғыртқан. Айталық, осы қолыңызға ұстап отырған бесінші басылымында Ұлыбританияның Еуропалық Одақ құрамынан шығуы, (Brexit), Еуропалық тауар белгісі режимі, Еуропа сотындағы соңғы кейстердің, Транс-Тынық мұхиты сауда келісімі (TPP) түйткілдерінің Интеллектуалдық меншік құқығының алдағы дамуына әсерін талқылайды.

Келісімшарт ережелері. Ағылшын құқығына түсініктеме

Нил Эндрюс



Танымал ағылшын заңгері, құқықтанушы Нил Эндрюс бұл еңбегін ағылшын келісімшарт құқығы тақырыбына арнаған. Халықаралық мәмілелер жасасатын тараптар өзара қатынастарды реттеу құралы ретінде көп жағдайда ағылшын құқығына басымдық беретіні белгілі. Кітапта келісімшарт жасасу ережелеріне түсіндірме беріліп, оқуға қосымша әдебиеттер ұсынылған. Бұл еңбектің қалың оқырман қауымға, ортақ құқық қағидалары қолданылатын және қолданылмайтын елдердегі заңгерлер, судьялар, іскер топ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, құқықтанушы ғалымдар, студенттер мен қатардағы азаматтарға көмегі тиері анық.

Жеке қаражат

Е. Томас Гарман



Е.Томас Гарман мен Рэймонд Е.Форгтың «Personal finance» – Жеке қаражат оқулығы – бұған дейін экономикада қаржы, несие, бағалы қағаздар, инвестициялау, сақтандыру, салық жүйесі, менеджмент тақырыптарында жеке-жеке қозғалған мәселелерді топтастырып, жүйелеу арқылы жеке қаражатты өз алдына дербес білім курсына бөліп шығарған түбегейлі еңбек.

Макроэкономика

Майкл Паркин



Майкл Паркиннің «Макроэкономика» оқулығы — дүниежүзіне танымал оқулықтардың бірі, өйткені ол экономикаға қатысты соңғы саяси ұстанымдар мен деректерді аналитикалық негізде бере отырып, пән маңызын арттыра түседі. Азық-түлік тапшылығынан бастап жаһандық жылынуға дейінгі түрлі ғаламдық проблемалар неліктен туындайтынын анықтап, оның салдарын, көрсеткішін жан-жақты талдайды, теория мен практиканы ұштастырады.

Микроэкономика


Майкл Паркин



Майкл Паркиннің «Микроэкономика» оқулығы – жергілікті экономикалық қатынастарды түсіндіретін оқу құралы. Жеке адамның қалауы мен таңдауынан ел экономикасы қалай қалыптасатыны, ол жаһандық экономика процестерімен қалай сабақтасатыны, ақша қатынастары қалай жүргізілетіні, салық неден қалыптасып, елдегі әлеуметтік бағдарламалар қалай жүргізілетініне дейін нақты кейстер мен мысалдарға сүйене отырып түсіндіріледі.

Эстетика

Борев Юрий Борисович



Белгілі ғалым, жазушы, ұзақ жылдар Ресей ғылым академиясы Әлем әдебиеті институты теория бөлімінің меңгерушісі, халықаралық эстетика қауымдастығының мүшесі болған Юрий Боровтің кітабында заманауи эстетиканың негізгі мәселелері жан-жақты баяндалады. Автор өнер дамуының табиғаты, болмысы, тууы және теориялық тарихы проблемаларын түсіндіре отырып, тыңнан зерделеуге жол ашады. Әсемдік, асқақтық, трагедиялық, комедия-лық категориялары жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдалады. Теориялық ережелер әлемдік өнер тарихының құнды материалдарымен берілген.

Этика теориясы мен қазіргі мәселелері

Барбара Маккиннон, Эндрю Фиала



Оқулықта дін, утилитаризм, деонтология, табиғи құқық, қайырымдылық және феминистік этика, сонымен қатар қазіргі кезде жиі талқыға түсіп, қызу пікірталастарға негіз болған эвтаназия, мораль, әділ экономика, жануарлар, соғыс пен зорлық-зомбылық және жаһандану этикасы кең талқыланады. Саланың теориясы мен практикасы ұштастырылып, тарихи және заманауи еңбектер мен дәстүрлі және қазіргі дереккөздерге негізделіп жасалған философиялық тұжырымдар кітапты қызықты ете түседі.

Әлемдік саясаттың жаһандануы: халықаралық қатынастарға кіріспе

Джон Бейлис, Стив Смит, Патриция Оуэнс



Джон Бейлис, Патриция Оуэнс және Стив Смит жетекшілігімен құрастырылған халықаралық қатынастар пәніне ең танымал кіріспе еңбекте саланың үздік мамандары жазған әлемдік саясаттағы басты теориялар мен жаһандық мәселелерге кеңінен шолу жасалады. «Әлемдік саясаттың жаһандануы: Халықаралық қатынастарға кіріспе» атты кітаптың 7-басылымы халықаралық қатынастар саласындағы ең соңғы оқиғаларды қамтитын феминизм, нәсіл, халықаралық ұйымдар және мемлекеттік емес ұйымдар секілді бірнеше жаңа тараудан тұрады және бұл саланың болашақтағы басты мәселелерін анықтайтын тақырыптармен таныстырады.

Саясат философиясына кіріспе

Джонатан Уолф



Алғаш рет қазақ тіліне аударылып отырған Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кірісіпе» деп аталатын кітабында адамзатты бұрыннан толғандырып келе жатқан және қазіргі кезде әлі де өзектілігін жоғалтпаған табиғи күй, мемлекет, демократия, еркіндік, меншік сияқты саяси ғылымдардың зерттеу аясын айқындайтын ұғымдарға қатысты сұрақтар қарастырылады. Кітапта осы сұрақтарға жауап іздеген Платон және Аристотель сияқты ежелгі грек философтары мен Гоббс, Локк, Руссо, Бентам, Юм, Милль, Ролз және Нозик сияқты қазіргі заман ойшылдарының көзқарастары мен тұжырымдары талданады.

Кино теориясы. Эйзенштейннен Тарковскийге дейін

Фрейлих Семен Израилевич



«Кино өнерінің теориясы» курсына арналған оқулық. Авторы – кино өнерінің белгілі теоретигі әрі оның тарихын зерттеуші, ол өз тұжырымдамасында киноны XX ғасырдың өнеріне балайды; сондай-ақ бүгінгі адамзаттың рухани әлеміндегі киноның алар орнына баға береді. Зерттеу аясы айтарлықтай ауқымды: мұнда классикалық кинодан бастап, қазіргі заманғы киноға дейін қамтылады. Автор кино мен телевизияның өзара қарым-қатынасына, «асқақ» және «аласа» жанрларға, кинодағы бүгінгі стильдерге, киноның тәсіліне және оның театр, әдебиет, кескіндеме және музыка тәсілдерінен өзіндік айырмашылығына баса назар аударады.

Кино теориясы: Сезім тұрғысынан кіріспе

Томас Эльзессер, Мальте Хагенер



Кітапта кино теориясына тарихи шолу жасалады. Авторлар киноны қабылдау мен тән арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қарастырады және терезе мен жақтау, есік, айна, көз, тері, құлақ және мисияқты жеті концептуал метафора негізінде саралайды. Қорытынды тарауда цифрлық дәуірдегі кинематографиялық тәжірибені зерттеу жолдары көрсетіледі. Қазақстанда ұлттық кинематография қанат жайып, дамып келе жатқанда бұл еңбектің бағыт-бағдарымызды айқындауға, әлемдік үдеріске араласуға, жаңа ағым-тәсілдердің, кино жаңалықтарының бел ортасында жүруге септігін тигізері сөзсіз. Басылымда негізгі ұғымдарды түсіндіруге арналған глоссарий қоса берілген.

Кино өнеріне кіріспе

Дэвид Бордуэлл, Кристин Томпсон, Джефф Смит



Алты бөлімнен тұратын бұл кітап — авторлардың қырық жыл бойы ізденіп жазған сапалы да мазмұны зор ауқымды еңбегі. Кітапта фильм өндірісі процесінің әртүрлі аспектілері, кино технологиясы, жұмыс жүргізу мен оның бизнеске қатысты тұсы және фильм формасы кеңінен сөз болады. Фильм жасау техникалары: мизансцена, кинематография, монтаждау тәсілдері көптеген мысалдарды орайластыра отырып талданады. Жанр идеясы ерекшелігіне қарай топ-топқа бөлініп, жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар фильм жөнінде өзіңіздің сыни көзқарасыңызды қалыптастыруға ықпал етеді. Кино өнерінің тарихы туралы да айтылады.

Киносценарий. Сценарий жазу негіздері

Сид Филд



«Киносценарий. Сценарий жазу негіздері» – концептіден дайын сценарийге дейінгі сатылы нұсқаулық. Бұл – маманданған әрі сценарий жазуды жаңа бастап жүрген сценаристерге арналған кәсіби оқулық. Автор шығарманы сценарийге бейімдеу тәсілінен бастап идеяны дамытып, кейіпкер қалыптастырып, кезең-кезеңімен жазу жолын көрсетеді. Сонымен қатар дайын сценарийді сату жолдарын тәптіштеп түсіндіреді. Сид Филд сценарий жазу үйренуге болатын шығармашылық процесс екенін ескерте отырып, оны кез келген сала маманы меңгере алатынына сенім білдіреді.

Кино 1. Қозғалыс–бейне

Жил Делөз



Француз философы Жил Делөз (1925–1995) «Кино 1. Қозғалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінде кино тарихын емес, кинодағы бейнелер мен семиотикалық белгілерді философиялық тұрғыда зерделеп, қозғалыс, кеңістік, уақыт және бейне сынды іргелі ұғымдарға бойлауға мүмкіндік беретін кино логикасына терең талдау жасайды. Ол дәстүрлі түсініктер аясынан шығып, киноны терең таным тұрғысынан айшықтау арқылы ішкі дүниесін пайымдауға бағыттайды.

Кино 2. Уақыт–бейне


Жил Делөз



Француз философы Жил Делөз (1925–1995) «Кино 1. Қозғалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық еңбегінде кино тарихын емес, кинодағы бейнелер мен семиотикалық белгілерді философиялық тұрғыда зерделеп, қозғалыс, кеңістік, уақыт және бейне сынды іргелі ұғымдарға бойлауға мүмкіндік беретін кино логикасына терең талдау жасайды. Ол дәстүрлі түсініктер аясынан шығып, киноны терең таным тұрғысынан айшықтау арқылы ішкі дүниесін пайымдауға бағыттайды.

Театртану. Кіріспе

Кристофер Балм



Жаңа Зеландияда дүниеге келіп, Мюнхенде (Германия) ғалым ретінде қалыптасқан театртанушы Кристофер Балмның «Театртану» еңбегі осы саланы академиялық университеттік пән ретінде оқытуға арналған. Автор әдіснама, зерттеу әдістері мен тәсілдері мәселелеріне назар аударады. Кітаптың кіріспесі және 3 бөлімі, 12 тарауы бар. Жалпы арнайы пән пайда болғанға дейін театртанудың негізгі бөлігін Еуропа драмасының «алтын ғасырын» және классикалық Грекия, Шекспир, Мольер немесе Веймар классицизмі драматургиясын зерттеумен айналысқан әдебиет зерттеушілері қарастырды.

Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Роберт Хиллиард



«Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» – сценарий жазу шеберлігімен таныстыратын пайдалы еңбек. Оқулықтың осы басылымында телевизия мен радиодан бөлек жаңа медиа да қамтылған. Кітап қарапайым тілмен жазылған. Оқырман камераның ракурсы, пландардың қойылуы, композициялық шешім, кейіпкер, монтаж, дыбысты ойнату сынды тек практикада ұшырасатын дүниелердің алғышарттарымен танысады. Телевизия мен радиоға жазылған сценарийдің айырмашылығын, онлайн медиа мен әлеуметтік медиаға мәтін жазудың тәртібін түсінеді.